

ОЖСӨЖ тақырып №3: Қазақ этнолингвистикасының басқа пәндермен байланысы, өзіндік ерекшеліктері

Сабақтың мақсаты: Этнолингвистикалық зерттеулердегі ең басты бірізділік, жүйелілік принципіне, бұл принциптің танымдық, талғамдық, теориялық және практикалық маңызына тоқталу. Этнолингвистика ғылымындағы зерттеу, жинау, жүйелеу процесінің маңыздылығын жете түсіндіру, осы үдерістерде қолданылатын зерттеу әдіс-тәсілдерінің практикалық орнын саралау.

Негізгі сұрақтар:

1. Дәстүрлі ғылыми ұстанымның негіздері
2. Этнолингвистикадағы жүйелілік принципі
3. «Адам», «Қоғам», «Табиғат» жіктелім-теориясы
4. Этнолингвистиканың зерттеу әдіс-тәсілдері
5. Этнолингвистикалық зерттеулердің қазіргі заманғы аспектілері
6. Этнолингвистикадағы «індете зерттеу» әдісі

Тапсырма:

1. Жүйелілік принципі қалай жүзеге асады?
2. Ә.Қайдар енгізген «Адам», «Қоғам», «Табиғат» жіктелім-теориясының негіздері қандай?
3. Индете зерттеу әдісі дегеніміз не?

Этнолингвист-ғалымға қойылатын басты талап — жалпы тіл табиғатын білумен қатар оның әрбір сөзінің мағына астарында жатқан этнолингвистикалық деректі тамыршыдай тап басып, тани білу және таныта білу. Ал, бұл міндетті орындау кез келген адамның, тіпті тілдің структуралық (грамматика, фонетика, лексика, т.б.) проблемаларымен ғана шұғылданушы мамандардың да қолынан келе бермейді десек, артық айтқандық емес. Өйткені бұл салада лексикалық байлықтың тек тіл факторы, сөздердің жиынтығы ретінде ғана емес, этностың тілдегі болмысы, бейнесі, көрінісі, негізі ретінде қаралатындығы. Этнолингвистикамен шұғылданамын деуші талапкерлердің осы бір талапты білгені абзал.

Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін біз «індете зерттеу» деп атадық. Аңшылар лексиконында: «аңды індетіп алу» — тазылардан қашып келіп, жан сауғалап кез келген інге тығылған аңдарды (түлкі, қасқыр, қарсақ, борсық т.б.) аңшы амалдап, су құйып, түтін салып, таяқ жүгіртіп т.б. қолға түсіру әдісі.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 7 апта